

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/CWMO3775>

***Ж. Ж. Аитова¹, Қ. Т. Тулебаева², Г. Т. Абикенова³**

Alikhan Bokeikhan University, Қазақстан Республикасы, Семей қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3771-2656>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1636-8822>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7261-3039>

*e-mail: aitova_1@mail.ru

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ БЕЙНЕСІ

Мақалада қазақ әдебиетіндегі Семей қаласының бейнелену ерекшелігі қала табиғаты мен құрылымының прозалық шығармалардағы көрінісі жан-жақты талданады. Қазіргі таңда пәнаралық сипатта айқындалатын қала бейнесінің әдебиеттегі көрінісін зерттеу урбанизациялық үрдістің басты тақырыптарының біріне айналып отыр. Сол себепті де, қала бейнесін сол әдеби кеңістікте өмір сүретін кейіпкер психологиясымен бірлестікте қарастыру келелі мәселелер қатарынан табылады.

Қазақ әдебиетінде да өткен ғасырдың бас кезеңінен бастап Семей қаласының бейнесі ақын-жазушылар шығармаларына өзек болғанымен де, арнайы зерттеушілер тарапынан қарастырыла көп қарастырыла қоймағаны белгілі. Сол себепті де, аталмыш мақалада Алаш астанасы болып табылатын Семей қаласының тарихи-әлеуметтік сипатын танытып қана қоймай, оқырман таным-түйсігіне әсер беретін эстетикалық-психологиялық факторлары сараланады.

Қала образының алғашқында адамгершілік идеясымен астасып, «мінсіз қала» сипатындағы көрінісі біртіндеп адамзаттың қалаға шоғырлануы нәтижесінде тұрғындардың бойындағы кейбір қасиеттеріне әсері қарастырылады. Ұлылар мекені саналатын қарт Семейдің қалыптасқан идеялық имиджі анықталады.

Семей қаласы бейнесінің қазақ прозасындағы көрінісі Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», Сапарғали Бегалиннің «Бала Шоқан», Кәмен Оразалиннің «Абайдан соң». Дихан Әбіловтің «Сұлтанмахмұт», Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы»

туындыларындағы табиғат пен кейіпкер бейнесін салыстыра талдау арқылы ашылып талданады.

Кілтті сөздер: қала бейнесі, қала табиғаты, ұлттық таным, жаһандық құндылық, психология, символ, кейіпкер психологиясы

Кіріспе

Қала – өркениет дамуының айқын белгісі, сондықтан да қаланы зерттеу, әдебиетіміздегі қала моделін зерделеу әр елдің мәдени кеңістігін танып білуге септігін тигізеді. Әдебиет тарихында кез келген қаланы суреттеу арқылы оның өткені мен бүгіні ғана емес, өркениет дамуындағы келешегіне де көз салады.

Адамзат қай заманда болмасын өзімен қоса отбасын, дүниесін сыртқы жаудан қорғауға, қызмет жасап, тұрмыстық жағдайын жақсартуға, қолайлы өмір сүруге ұмтылды. Бұл мақсаттарды іске асыратын бірден-бір құрал – қала екенін адамдар жылдам түсініп, қалаға қарай ұмтыла бастады. Сондықтан да болар, қала ежелгі дәуірден бастап философтардың, тарихшылардың, кейін әлеуметтанушылар мен мәдениеттанушылардың, бертін келе әдебиеттанушы ғалымдардың назарын өзіне аударды. Мысалы, Аристотель мен Платон адамзат тарихында қаланы алғаш рет мінсіз қала бейнесінде қарастырған зерттеушілер болса, әл-Фараби қала билеушілерінің бейнесін жасайды. Кейін қала туралы Т. Мор мен Т. Кампанелланың еңбектері жарық көрді. Бұл кезеңде «мінсіз қала» үлгісі жайлы сөз қозғалып, кейіннен бұл идеялар утопиялық көзқарастың алдыңғы үлгілері ретінде қарастырылса, орта ғасырлық түркі мәдениеті мен әдебиетінде қала бейнесі адамгершілік мәселесімен астасып, ұштасып жатты. Философ О. Шпенглер өзінің «Зақат Европы» еңбегінде тұңғыш рет қаланы тарихи-мәдени феномен факторы ретінде қарастырып, әлемдік урбанистикада жаңаша жол ашып берді [1].

Бастапқы кезде қала мәселесі тек қана тарих немесе әлеуметтану ғылымдарының зерттейтін нысандары болғанымен уақыт өте келе әдебиеттанушыларды да қызықтыра бастады. 20-ғасырдың екінші жартысынан бастап көркем туындылардағы түрлі қалалардың бейнелену ерекшеліктері, алардың жалпы әдебиеттану ғылымында алатын орны айқындалып, зерттеу еңбектері жазыла бастады.

Дегенмен де, бірі жарымды зерттеу еңбектері болғанымен жалпы қазақ әдебиетіндегі қаланың алатын орны, кейіпкерлердің өсу эволюциясын, мінез-құлықтарындағы ерекшеліктерді қаламен байланыстыру әлі байыпты түрде зерделеуді қажет ететін тақырыптардың қатарында. Көп жағдайда қала тақырыбына қалам тербейтіндер ақындар, олар өз шығармаларында өздері өмір сүріп отырған қалаға деген сүйіспеншілігін жырға қосып, қаланың төл табиғи мінезін танытуға тырысады. Атап айтсақ, Алматы – жастық пен

махаббаттың символы болса, Астана – еркіндік пен өрліктің, асқақ армандарға жетелейтін биіктік, Семей – Абай мен Шәкәрімді, Мұхтарды тудырған ұлылар мекен», кешегі Алаштың ізі қалған киелі жер, мәдениет ошағы.

Жалпы алғанда көркем әдебиеттегі қала бейнесі алғашында зерттеушілер тарапынан библиографиялық сипатта ғана сөз болса, бірте-бірте көркем туындылардағы қала образын талдау алдыңғы қатарға шыға бастады. Ричард Леханның «Әдебиеттегі қала: интеллектуалдық және мәдени тарихы» [2], Мэри Энн Каус «Қала бейнелері» [3], Даниел Маккеун «Қала және урбандық әдебиеттің бейнелері» [4], Роберт Альтердің «Бейнеленген қалалар» [5], т.б. көлемді ғылыми зерттеулер жарыққа шықты.

In The Image of the City Lynch defined a concept of imageability or legibility of the physical form by the pattern or structure of the interrelations among five elements [6].

Орыс әдебиеттануында қалалық әдебиет жайлы алғашқы зерттеуді Н. П. Анциферов еңбегінен көре аламыз [7]. Кейіннен ресейлік әдебиеттанушы В. Шаравин Ф. Глинка мен В. Белинский және А. Григорьев еңбектерін қала тақырыбындағы алғашқы зерттеулер қатарында қарастырып, қала образын зерттеу ісі 19-ғасырда бастау алады деген пікірге келеді [8].

Материалдар мен әдістері

Зерттеу мәселесі бойынша қазақ прозасындағы Семей қаласы бейнесін айқындау барысында құрылымдық талдау әдісі пайдаланды.

Нәтижелер және талқылау

Орта ғасырлардағы әлем әдебиетінде қалалық әдебиет қалыптаса бастады. Қалалық әдебиетке жататын фаблио жанры пайда болды. Онда қала тұрғындарына тән кейбір кемшіліктер әшкерленіп, қала тұрғындарының сараңдығы мен рақымсыздығын, мейірімсіздігі мен екіжүзділігі және кәсіпқой алдамшылардың китұрқы қасиеттері әлеуметтік сипатта әжуаланаып отырды. Осы кезеңдегі қала тұрғындары екі жақты суреттелген болатын: біріншіден олардың ептілігі мен икемділігін айрықша мадақтаса, екіншіден осы қасиеттерін алдау, арбау мақсатында пайдаланғаны авторлардың ішкі жиренішін тудырды.

Дегенмен де, уақыт өте келе қала көрінісі басқаша жағымсыз сипатқа ауысты. Алғашындағы пайдалы жағынан ғана, адамдардың тұрмыстық жағдайын көтеруге себепші қасиеті басымырақ болса, кейіннен қала мен ауыл өмірінің айырмашылығы айқын көріне бастады. Адамдардың арасындағы туыстық, достық қасиеттердің әлсіреп, жатбауырлық сынды теріс мінездер шығармаларда көрініс тапты. Міне осы кезеңнен бастап үлкенді-кішілі қаланы сипаттауда гуманистік және дегуманистік сипат байқалды. Бас кезеңінде өнер білім ордасы, сәулелі қала бейнесі бірте-бірте сұрғылт суықтыққа айналды.

XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басынан бастап жалғыздық пен үмітсіздік, қатыгездік пен мейірімсіздік қала атрибуттарының біріне айналды.

Ауыл адамдарының біртіндеп бір орталыққа шоғырлануы нәтижесінде қазақ акын-жазушылары туындыларында да қала мен дала бір-біріне қарама-қарсы образ ретінде қарастырыла бастады. Атап айтсақ, Сұлтанмахмұт Торайғыров «Айтқыс» поэмасында даланы ұлттық дәстүр мен қаймағы бұзылмаған туыстық пен қарапайымдылықтың символындай қараса, қала арқылы мінез-кұлқы өзгерген, адами қасиеттерден ада бейнені сипаттайды: Сұлтанмахмұт Торайғыров [9, 7-б.].

Қорқамын бұл заманы кетер ме деп,
Қаладан қазағыма мінез жұғып;
Жұқтырдың көп күйенді, қала, маған,
Бізді де қойған жоқсың есен-аман...

Осылайша, шығармашылық иелерінің қалаға деген көзқарасының әртүрлігіне қарамастан қоғам шындығын бейнелейтін туындылардың негізгі тақырыптарына негіз болып, әлем әдебиетінде қала әдебиетінің элементтері байқала бастады. Уақыт өте Батыс Еуропада Лондон мен Париж, Ресейде Петербор мен Мәскеу қалалары көркем шығармалар арқауына айналып, әдебиеттегі қала бейнесі айшықтала бастады.

Осы мәселеге келмес бұрын, жалпы ұлттық әдебиетіміздегі қала әдебиетінің жайына тоқталу қажет секілді. Осы тұста Бағашар Тұрсынбайұлының «Қазақ әдебиетіндегі қала әдебиетінің жай-күйі қандай?» атты мақаласында: «бірді-екілі шағын романдар, әңгімелер жарық көрді. Бірақ олар қала адамының жан дүниесін, қала тіршілігінің мехнатын, ондағы психологияны, құндылықтарды аршып көрсете алған жоқ», - деп әдебиетіміз мен мәдениетіміздің түп қазығына айналған көшпенділер философиясынан ұзамай, дала мен ауыл тақырыбындағы туындылардың көптігі жайлы сөз қозғайды [10].

Дегенмен де қазіргі әдебиетімізде қала жайлы туындылар мүлде жоқ деген сөз емес. Мәселен, Айгүл Кемелбаеваның «Майя» туындысында қаладағы ауыл жасының жалғыздығы берілсе «Қоңырқазында» қала адамзатты түзу жолдан тайдырар жағымсыз күш.

Әлем әдебиетімен қатар, қазақ әдебиеті тарихында да қаланың алатын орны ерекше. Қазақ әдебиетіндегі қала бейнесі біртіндеп зерттеу нысанына алына бастады. Ұлттық әдебиетімізге жаһандық құндылықтар биігінен қарап, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін шығармалар көптеп шығарылуда. Білім мен өнердің ордасы саналатын кешегі Алаш арыстарының ізі қалған Семей қаласының әдебиеттегі бейнесін саралау бүгінгі күннің келелі тақырыптары қатарында.

Семей қаласы туралы алғашқы шығармалар құжаттық сипатта болды. Мысалы, орыс ғалымы Г. Потанин алғашқылардың бірі болып Семей туралы жазып қалдырды. Ғалым: «Семипалатинск – біздің ортаазиялық шекарамызда орналасқан Одесса сияқты. Бұл жер кемелер мен батысеуропалық саудагерлердің орнына Түркістан, Қытайдан келген шұбырған түйелер мен азиялық жатжұрттықтарға толы», – деп жазады. Және қаланың он тоғызыншы ғасырдағы көрінісі туралы: «Қала екі бөліктен тұрады: орыс және татар; соңғысы ауқатты да көлемді; онда қалаға шығыстың кейпін беретін ондаған мешіттер мен мұнаралар бар», – деген пікір білдіреді [11, 7-б.].

XX ғасырдан бастап қазақ жазушыларының прозалық шығармалары жарық көре бастады. Осы шығармалардың бірқатарында оқиғалардың өткен орны ретінде Семей қаласы берілді. Қазақ қаламгерлері шығармаларында көп жағдайда даланың әсем табиғаты суреттелгенімен прозалық туындылардағы қала табиғаты мен ауа-райы, климаттық ерекшеліктеріне баса назар аударылатын тұстары кездеседі. Мысалы, Кәмен Оразалиннің «Абайдан соң» романында: «Таң алдында қою қара бұлт төніп келгенмен, қатты жел жаудырмай көтеріп кетті. Аспан әлемі бұлыңғыр, жүдеу көңілдің кейсін тарқатарлықтай табиғатта да лыпа шамалы. Қала халқының күйкі тірлігі аспан әлемінен де елес бергендей, су барабайы мен тиірменінің ұзын трубаларынан көтерілген қою түтін созалаңдап ширатылады да бұлыңғыр күннің кірпігіне оралады» [12, 89-б.]. Әлемдік әдебиетте қаланың физикалық бөлігін суреттеу арқылы оның күшінің өміршендігін сипаттай отырып, даму ерекшелігін саралайтын туындылар мол.

Сәкен Сейфуллин: «Жер-дүние аппақ қалың қар. Жыпырлап, үлкен паселка тәрізденіп Семей қаласы жатыр, күн суық емес, жылы. Қаланы да қар басқан. Аспанда бұлт жоқ. Кіршіксіз аппақ қардың беті гәуһардай құлпырады. Тап-таза аппақ қардың мың құбылған жәуһәрімен алтын күннің шұғыласы шағылысып, ойнап, неше түрлі от шашады» – деп кейіпкердің жай-күйі қала ауа райымен астаса өрілген [13, 249-б.].

Дихан Әбілев: «Сұлтанмахмұтқа Алтай заңғарлары тәрізді Семейдің де қабағы тұнжыр, иығы басыңқы көрінді. ... Семей бұл күндерде, сарғайған күзгі жапырақтай, сұрықсыз болатын. Аспаны ала бұлт. Кірпігін көз жасы қырыққан күйікті әйелдің көзіндей қып-қызыл күн көзін әлсін-әлсін бұлт көміп өтеді. Қала үстінде қарға-құзғынның қап-қара қанаттары қалықтайды. Олар бірде бытырап, бірде топтанып ұшып құлқынына қан жеміт іздегендей. Үндері жексұрын-ақ», – деп сұрықсыз қала ауру меңдеген ақынның жұпыны жағдайы мен дәрменсіз күйін тап басқандай [14, 300-б.]. Қала феноменін, оның табиғи бейнесін суреттей келе авторлар қала табиғатына деген ішкі қайшылық, қарсылығын сездіреді.

Семей қаласының ішкі көрінісін, архитектурасын бейнелейтін тұстар да көркем әдебиетте жиі кедеседі. Бұған мысал ретінде Сапарғали Бегалиннің «Бала Шоқан» туындысын келтіруге болады. С. Бегалиннің «Бала Шоқан» повесінде он тоғызыншы ғасырдың оқиғасы суреттелгендіктен, Семей қаласының сол уақыттағы бейнесін көреміз. «Ертіс бойына әлі ел көп қоныс теппеген. Анда-санда казак-орыс селениелері көрініс береді. Кей жеріндегі тырбақай тоғай ішінен мыжырайған казак қыстауы да көрініп қалады» [15, 378-б.].

Сондай-ақ аталған шығармада қаланың ішкі құрылымы туралы мынадай үзінді келтірілген: «Семей қаласы аумағы тұтасып қалындамаған үйірім-үйірім бөлек топтар. Мысалы күншығыс шеті ноғай, шала казак бөлімдері. Батыс-солтүстіктегі казак-орыс бөлімі. Әсіресе әзірше көзге түсер құбылысы абақты үйі екен. Сыртқы қорғанын зәулім биік етіп, орта жерінен сығырайған тор көз кішкене терезелер қалдырыпты. Осы маңға жақын ескіден қалған үлкен тас қақпа тұр. Бір кезде бұл тас қақпа үлкен балшық дуалдан салынған көне қорғанның аузы болғанға ұқсайды» [15, 381-б.]. Байқап отырғандай, қала табиғатынан бөлек оның ішкі құрылымындағы тас қамалдар, сығырайған тор көз терезелер шығармашылық иелерін қыспаққа қамап, тар шеңберден шығармайтын кеңістік.

Дегенмен де, кез келген қала белгілі бір мәдени типтің белгісі. Қала образын суреттеу арқылы сол заманның мәдениеті мен тархынан көрініс береді. Мәдениет ошағына айналған Семей қаласының тарихы арқылы казак халқының бүткіл бір тарихы оқырманның көз алдына сурет болып тізбектеледі. Барлық көше жолдары мен алаңдарында, аспанға бойлаған күмбездер мен мұнаралардың жарқыраған әсем келбетінде асқақтық жатыр. Бұл жайында Шпенглер: «Город бросает вызов земле. Своим силуэтом он противоречит линиям природы. Он желает быть чем-то иным и высшим», – деп жазады [1].

Семейдің құрылымы мен ішкі архитектуралық ғимараттары туралы Медеу Сәрсеке: «О күндегі Семей – Алтайдан Алатауға, Ертістен Есілге дейінгі орасан зор аймақты алып жатқан ұлан-ғайыр өлкенің әкімшілік орталығы. Соған орай Ертіс жағасындағы қала ХІХ ғасырдың екінші жартысынан беріде тез өскен, көркі де айтарлықтай келбетте. Еуропа мәнерімен салынған еңселі ғимараттар, іші ғана емес, сырты да неше алуан әлемішпен безеніп, орталық көшенің екі жағында сап түзеп тұрады. ..., қалталы саудагерлердің өзара бәсекемен тұрғызылған, сән-салтанаты бір-бірінен асқан дүкендері мен тұрғын үйлері – Сібір мен Қазақ даласының өзара түйіскен шебінде тұрған жаңа мекеннің айрықша орнын, тарихи мәнін паш еткендей» [16, 53-б.], -деп мақтанышпен тілге тиек етеді.

Семей- ұлылар мекені, мәдениет пен білімнің қара шаңырағы. Қазақ жазушылары туындыларындағы Семей қала жайлы қалыптасқан эмоционалды немесе рационалды идеяларды айқындайды. Семей қаласы Абай елі, білім ордасы ретінде: «Семей – Абайдың дүниеге қанат қағып, көтерілуіне қуат бітірген асыл ордасы. Онда жежжат, дос-жарандармен қоса Абайды аса қастерлей, қадірлейтін оқыған озық қауым бар. Олар да Абайдың бір қонағын жөнелтуге әзірліктерін айтып, сәлем жолдасты. Абайдың ең жақындарының келуін қалап, жүзбе-жүз көріскілері келді» [16, 261-б.], – деп кестелене суреттеледі.

Семей қаласының мәдениеті туралы: «Нағыз өркениетті хәм өскелең қала деп мына Семейді айт! ...Қала тұрғындарының да білім шамшырағына деген ілтипаты ерекше зор: қыр елінен кітап алдырып иә жиі келіп, білім қорынан сусындауға ынталылар да аз емес, солардың бірі – Шыңғыстау қазағы – Абай Құнанбайұлы. Хакім ақынның мұражайындағы естеліктердің бірінде Баянауылдағы оқымысты замандасы Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов пен Абай ғұлама Семейдегі Бас мешіттің жұма намазында танысып, осы кітапхананың оқу залында табысқандығы айтылған» [16, 56-б.], – деп ерекше ілтипатпен атап өтеді. Демек, Семейдің имиджі жылдар бойы қалыптасқан бейне-символ, сана құбылысы мен жалпы әлеуметтік шындықты анықтайды.

Ертіс өзені – Семейдің ажырамас бөлігі болғандықтан, көркем шығармаларда асау Ертістің өзенінің бейнесі де кездеседі. Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романында «Ертіс – үлкен өзен. Өре басы Қытайдан келеді. Екі қабағы ызғындай ел. Ызғындай елдің ортасындағы өнер-білімнің, сауда-кәсіптің, от арба, от кемеңіз тоғысатын кіндігі – қара шаңырақ Семей. Семей бір гүбірне елдің миы: ақыл-ойдың табысы – Семейде. Семей – бір гүбірне елдің жүрегі: Семей бүлк етсе, бір гүбірне ел бүлкілдейді. Ертістің оң қабағында – Семей, солында – Алаш қаласы. Алаш пен Семей арасынан өткенде, Ертіс сауулы інгендей талтаяды», – деп көненің көзі Семей мен Ертісті бірлікте суреттейді [17, 179-б.].

Жоғарыда аталған көркем шығармалардан Семей қаласының көріністерін салыстыра отырып, мынадай топтар жіктелді:

- Семейдің климаттық (ауа райы) және табиғат көріністері, ландшафтысы;
- Қаланың құрылымы мен архитектуралық құрылыстары;
- Білім мен ақындықтың ордасы және Абайдың туған жері ретінде;
- Қала тұрғындарының құрамы мен әлеуметтік жағдайы;
- Қала мәдениеті мен дәстүрлері;

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын АР23486445 «Абай облысының әдеби-мәдени картасы

және цифрлық интеграция (фольклордан бүгінге дейін)» жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Кез келген әдебиет тарихында көркем сөз иелері қоршаған орта мен ондағы тарихи-әлеуметтік өзгерістерді өздерінің таным-түсінігіне сай әсерлеп, оқырманға ой сала жеткізуге тырысады. Сол себепті де алаш астанасы қарт Семейді бейнелейтін прозалық туындыларда қала бейнесін интерпретациялау өте маңызды болып табылады. Көркем әдебиеттегі Семей қаласы - адамзат болмысының урбанизациялау үрдісіндегі ерекше құбылыс қана емес, қазақ халқының ұлттық болмысындағы ерекше феномен, мәдениет пен ғылымның тоқайласқан символы.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Spengler, O.** The Decline of the West: Perspectives of World History [Text] / Translation from German and comments I. I. Makhankov. – Vol. 2, Worldwide and historical prospects. – М., 2003.

2 **Lehan, R.** City Literature and Intellectual Cultural History [Electronic resource]. – Access mode : <https://www.amazon.com/City-Literature-Intellectual-Cultural-History/dp/052012568>

3 **Mary, A.** Caws City images [Electronic resource]. – Access mode : <https://www.routledge.com/City-Images-Perspectives-from-Literature-Philosophy-and-Film/Caws/p/book/9782881244643?srsltid=AfmBOoq>

4 **Daniel, M.** Image of the City and Urban Literature [Electronic resource]. – Access mode : <https://macsphere.mcmaster.ca/bitstream/11375/12122/1/fulltext.pdf>

5 **Alter, R.** Imagined [Electronic resource]. – Access mode : <https://www.lit.salon/books/OL3932248W/Imagined%20cities>

6 **Banai, R.** A Methodology for The Image of the City // Environment and Planning B : Urban Analytics and City Science. – Vol. 26. – Iss. 1. [Electronic resource]. – Access mode: <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1068/b260133>

7 **Анциферов, Н. П.** «Непостижимый город...» Душа Петербурга. Петербург Достоевского. Петербург Пушкина [Текст] / сост. М. Б. Верловская. – СПб. : Лениздат, 1991. – 335 с.

8 **Шаравин, А. В.** Городская проза 70–80-х годов XX века: дис. ... док. филол. наук : 10.01.01 [Текст]. – Брянск, 2001. – 485 с.

9 **Торайгыров, С.** Сарыарқаның жаңбыры : өлеңдер мен дастандар [Текст] / құраст. Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы : Раритет, 2007. – 208 б.

10 **Таңжарық, Т.** Қалада өмір сүреміз бірақ қалалық емеспіз [Электронды ресурс]. – Қатынау режимі : <http://qazaqadebieti.kz/8156/alada-mir-s-remiz-bira-alaly-emespiz>

11 **Потанин, Г. Н.** Семипалатинск и другие города Семипалатинской области [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.pushkinlibrary.kz/docs/Semipalatinsk.pdf>

12 **Оразалин, К.** Абайдан соң [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1987. – 355 б.

13 **Сейфуллин, С.** Тар жол тайғақ кешу [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1977. – 392 б.

14 **Әбілов, Д.** Ақын арманы [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1980. – 304 б.

15 **Әбдіқадыров, Қ., Бегалин, С.** Қажымұқан. Шоқан асулары [Мәтін]. – Алматы : Жалын, 1988. – 512 б.

16 **Сәрсеке, М.** Қазақтың Қанышы [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2015. – 640 б.

17 **Аймауытов, Ж.** Шығармалары [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1989. – 560 б.

References

1 **Spengler, O.** The Decline of the West: Perspectives of World History [Text] / Translation from German and comments I. I. Makhankov. – Vol. 2, Worldwide and historical prospects. – М., 2003.

2 **Lehan, R.** City Literature and Intellectual Cultural History [Electronic resource]. – Access mode : <https://www.amazon.com/City-Literature-Intellectual-Cultural-History/dp/0520212568>

3 **Mary, A.** Caws City images [Electronic resource]. – Access mode : <https://www.routledge.com/City-Images-Perspectives-from-Literature-Philosophy-and-Film/Caws/p/book/9782881244643?srsltid=AfmBOoq>

4 **Daniel, M.** Image of the City and Urban Literature [Electronic resource]. – Access mode : <https://macsphere.mcmaster.ca/bitstream/11375/12122/1/fulltext.pdf>

5 **Alter, R.** Imagined [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.lit.salon/books/OL3932248W/Imagined%20cities>

6 **Banai, R.** A Methodology for The Image of the City // Environment and Planning B : Urban Analytics and City Science. – Vol. 26. – Iss. 1. [Electronic resource]. – Access mode : <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1068/b260133>

7 **Antsiferov, N. P.** «Nepostizhimoe gorod...» Dusha Peterburga. Peterburg Dostoevskogo. Peterburg Pushkina [The Incomprehensible City... The Soul of St. Petersburg. Dostoevsky's Petersburg. Pushkin's Petersburg] [Text] / Compiled by M. B. Verlovskaya. – St. Petersburg : Lenizdat, 1991. – 335 p.

8 **Sharavin, A. V.** Gorodskaya proza 70–80-kh godov XX veka : dis... dokt. filol. nauk: 10.01.01 [Urban Prose of the 1970s–80s of the 20th Century: Dissertation for Doctor of Philological Sciences] [Text]. – Bryansk, 2001. – 485 p.

9 **Toraygyrov, S.** Saryarqany zhanbyry: olengder men dastandar [The Rain of Saryarqa : Poems and Narratives] [Text] / Compiled by Y. Duysenbaiuly. – Almaty : Raritet, 2007. – 208 p.

10 **Tanzharyk T.** Kalada omir suremiz biraq kalalyk emespiz [We live in the city, but we are not urbanites] [Electronic resource]. – Access mode : <http://qazaqadebieti.kz/8156/alada-mir-s-remiz-bira-alaly-emespiz>

11 **Potinin, G. N.** Semipalatinsk i drugie goroda Semipalatinskoi oblasti [Semipalatinsk and Other Cities of Semipalatinsk Region] [Electronic resource]. – Access mode : <http://www.pushkinlibrary.kz/docs/Semipalatinsk.pdf>

12 **Orazalin, K.** Abaydan son [After Abai] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1987. – 355 p.

13 **Seifullin, S.** Tar zhol taighak keshu [The Difficult Path] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1977. – 392 p.

14 **Abilov, D.** Aqyn armany [A Poet's Dream] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1980. – 304 p.

15 **Abdiqadyrov, K., Begalin, S.** Kazhymukan. Shokan asulary [Kazhymukan. The Heights of Shokan] [Text]. – Almaty : Zhalyn, 1988. – 512 p.

16 **Sarseke, M.** Qazaqtyn Qanyshy [Kanysh of Kazakhstan] [Text]. – Astana : Foliant, 2015. – 640 p.

17 **Aimautov, Zh.** Shygarmalary [Works] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1989. – 560 p.

13.01.24 ж. баспаға түсті.

03.02.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. Ж. Аутова¹, К. Т. Тулебаева², Г. Т. Абиқенова³

^{1,2,3}Alikhan Bokeikhan University,

Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 13.01.24.

Поступило с исправлениями 03.02.25.

Принято в печать 17.02.25.

ОБРАЗ ГОРОДА СЕМЕЙ В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

В статье рассматриваются особенности изображения города Семей в казахской литературе, анализируется отражение природы

и структуры города в прозаических произведениях писателей. В настоящее время исследование образа города в литературе, который определяется в междисциплинарном контексте, становится одной из главных тем урбанизационных процессов. Поэтому рассмотрение образа города в единстве с психологией персонажа, живущего в этом литературном пространстве, является одной из актуальных проблем.

Несмотря на то что образ города Семей был центральной темой произведений поэтов и писателей казахской литературы с начала прошлого века, он до сих пор недостаточно изучен с точки зрения специальных исследований. В связи с этим в данной статье не только рассматривается историко-социальный аспект города Семей, который был столицей движения Алаш, но и анализируются эстетико-психологические факторы, влияющие на восприятие читателей.

Образ города изначально переключался с идеей гуманизма, отображаясь как «идеальный город», однако со временем, в результате урбанизации и концентрации людей в городах, рассматривается влияние города на определенные качества его жителей. Также определяется сложившийся идеологический имидж старинного Семей, который считается местом великих личностей.

Образ города Семей в казахской прозе раскрывается через произведения Сакена Сейфуллина «Тар жол тайғақ кешу», Сапарғали Бегалина «Бала Шоқан», Камена Оразалина «Абайдан соң», Дихана Абилова «Сұлтанмахмұт» и Медеу Сарсекена «Қазақтың Қанышы», где проводится сравнительный анализ природы и образа персонажа.

Ключевые слова: образ города, природа города, национальное сознание, глобальные ценности, психология, символ, психология персонажа.

*Zh. Zh. Aitova¹, K. T. Tulebayeva², G. T. Abikenova³

^{1,2,3}Alikhan Bokeikhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Received 13.01.24.

Received in revised form 03.02.25.

Accepted for publication 17.02.25.

THE IMAGE OF THE CITY OF SEMEY IN KAZAKH PROSE

The article examines the features of depicting the city of Semey in Kazakh literature, analysing the reflection of the city's nature and structure

in writers' prose works. Today, the study of the image of the city in literature, defined in an interdisciplinary context, is becoming one of the main topics of urbanization processes. Therefore, the consideration of the city's image in unity with the psychology of the character living in this literary space is one of the pressing issues.

Although the image of the city of Semey has been a central theme in the works of Kazakh poets and writers since the early 20th century, it has not yet been sufficiently studied in specialized research. Therefore, this article not only explores the historical and social aspects of Semey, which was the capital of the Alash movement, but also analyzes the aesthetic and psychological factors that influence readers' perceptions.

The image of the city of Semey in Kazakh prose is revealed through the works of Saken Seifullin «Tar zhol taighak keshu», Sapargali Begalin «Bala Shokan», Kamen Orazalin «Abaydan son», Dikhan Abilov «Sultanmakhmut», and Medeu Sarseken «Kazaktyn Kanyshy», where a comparative analysis of nature and the character's image is conducted.

Keywords: city image, city nature, national consciousness, global values, psychology, symbol, character psychology.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz